

Түркістан облысы

Шардара ауданы

адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты

«Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы » жалпы орта мектебі

Тақырыбы:

Балалар әлемі: кітаптан өмірлік мұратқа



Кітапхана меңгерушісі: Назым Нұрпейсова

*«Білімнің басты құндылықтары: отаншылдық, білімге
құштарлық, еңбекқорлық»*

Тақырыбы: Балалар әлемі: кітаптан өмірлік мұратқа

Мақсаты: Ертегілер арқылы балалардың шығармашылық қиялдарын, сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауды үйретуді жалғастыру. Сыйластық, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу. Оқу қызметке деген қызығушылығын арттыру. ХХІ ғасырда кітапхана саласын дамыту барысында оқырмандарға сапалы қызмет көрсету, жаңа технология, кітапхана қорын насихаттау, жаңа бағытта жұмыс істеу – басты мақсат.

Жоспары

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

III Қорытынды

КІТАПХАНА – БАЛАЛАР АҚЫЛШЫСЫ

XXI ғасырда кітапхана саласын дамыту барысында оқырмандарға сапалы қызмет көрсету, жаңа технология, кітапхана қорын насихаттау, жаңа бағытта жұмыс істеу – басты мақсат. Бүгінде «Ер Төстік», «Көксерек», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» кітаптарын сүйіп оқитын балалар аз. Ақылды гаджеттерді жанына серік ететін кейінгі ұрпақ «ақыл кенін» оқудан қашады. Десек те, «Кітап – ғылым, тілсіз мұғалім» екенін ұмытпаған абзал. «Балалар жылында» аталған кітапхана өз оқырмандарын асыға күтеді. Биылғы жылы балаларды дамытуға арналған арнайы бағдарламалар мен жоба жұмыстарын жандандыруға және балалардың қызығушылығын зерделей отырып, олардың дүниетанымын кеңейтуге бағытталған «Балалық шақ – білім мен күш» жобалар жиынтығы жасакталып, жүзеге асуда. Оның ішінде, «Әжемнің ертегілері», «Кітаппен бірге өсеміз» және «Жан жылуы балаларға» атты жобалар бар. «Адамды адам еткен – кітап, адамзат ететін – кітапхана» деп Ә.Кекілбаев айтқандай, қазіргі уақытта кітапхана қабырғасында өткен әр шараға қызығушылық айтарлықтай жоғары дәрежеде. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда кітапхана жұмысында көптеген шаралар атқару көзделген. «Білсем, ізденсем» деген балаға кітап оқуды насихаттауда байқаулар, сайыстар, әр түрлі әдеби ойын кештері ұйымдастырылуда. Кітап көрмелері арқылы да өздеріне керекті мәліметтер жинақтап, ақпараттармен танысуға оқырмандарға кітапхана есігі әрқашан ашық.

II Негізгі бөлім

Айта кеткен жөн, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Ұлттың жаңа болмысы» деген мәселеге ерекше тоқталған болатын.

Мемлекет басшысы «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Ұлтымыз жаңа санаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа кағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс. Біріншіден, жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн. Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа кағидаттарын орнықтыру. Сондай-ақ ұлт сапасын арттыруға атсалысу» деп атап көрсеткен-ді. Расында да, кітап оқымай жаңа болмыс түзу, рухани кемелдену дегеніміз бос сөз. Ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыру, бәсекелестік қабілетін күшейту, әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру ісінде – кітап оқу өте маңызды шаруа. Ал есейген шақта кітап оқу үшін ол дәстүр балалықтан бастау алуы қажет. Кітап оқу мен оны дамытуда отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту ісіне баса көңіл бөлген дұрыс. Бүгінде «Ертөстік», «Көксерек», «Алпамыс батыр», «Қобланды» кітаптарын сүйіп оқитын балалар легі аз. Ақылды гаджеттерді жанына серік ететін кейінгі ұрпақ ақыл кенін оқудан қашады. Десек те, «Кітап – ғылым, тілсіз мұғалім» екенін ұмытпаған абзал.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ ҚАЛЫС ҚАЛУДА

Балалар әдебиетінің қайнар көзі фольклордан бастау алатыны дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Фольклордың негізгі жанрларының бірі де бірегейі – ертегі. Ертегі жанрына «халық прозасының дамыған, көркемделген түрі» деп анықтама берілген. Қазақ ертегілеріндегі «Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай», «Алтын сақа», «Тазшаның қырық өтірігі», «Қанбақ шал», «Аю, қасқыр, түлкі, бөлене» секілді мыңдаған ертегілер жазушы Мұхтар Әуезовтің пайымымен «Қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, шыншыл ертегілер» деген тармақтарға жіктеліп, халқымызбен бірге жасап келеді. Біз де осы ертегілерді санамызға сіңіріп өстік. Ондағы алты айлық жерді алты күнде аттайтын тұлнар, ұшатын кілем, мыстан кемпір, жеттырнақ, жалғыз көзді дию, саққулақ, желаяқ, таусоғар қатарлы ұмытылмас жанды-жансыз кейіпкерлер біздің жадымыздан өшпестей орын алғаны да айдан анық. Осындай жағымды кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін балалардың бойына сіңіріп, ұнамсыз кейіпкерлерінің жасаған зұлымдығынан аулақ болуға үйрететін «ауызекі оқулықтың» орнын тек ертегі айырбастайды. Кішіпейілділік, қайырымдылық, адамгершілік, адалдық, батылдық, батырлық секілді әртүрлі қасиеттер газет, кітап, радио-теледидар жөк замандарда балалардың бойына осы «ауызекі оқулық» арқылы дарыған.

БАР ІЗГІЛІК БҮЛДІРШІН ШАҚТАН БАСТАЛСА

Алаш ардағы Ахмет Байтұрсынұлының «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген сөзі бүгін де маңызын жойған емес. Әр мемлекеттің болашағы оның жастарға берген білімі мен тәрбие деңгейіне байланысты екенін уақыт айқын дәлелдеуде. Сондықтан да білім беру жүйесі үнемі жаңғырып, жанашаланып, заман талабына сай дамып отыруы тиіс. Біріншіден, жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн. Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидастарын орнықтыру. Сондай-ақ ұлт сапасын арттыруға атсалысу» деп атап көрсеткен-ді. Расында да, кітап оқымай жаңа болмыс түзу, рухани кемелдену дегеніміз бос сөз. Ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыру, бәсекедестік қабілетін күшейту, әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру ісінде – кітап оқу өте маңызды шаруа. Кітап кесірлікті жояды, рухты шынайы және мұратқа жеткізеді.



“Book Start” жобасының мақсаты



Ата-аналар мен балалардың арасында кітап оқу арқылы тығыз қарым-қатынас орнату, балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту үшін ата-аналарды қатыстыру, отбасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. 2009ж PISA зерттеуі бойынша, егер отбасында ерте жастан бастап кітап оқуға мүмкіндік берілсе, бұл оқушылардың жетістіктерінің дамуына және жетістік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.